

АГРОӨНЕРКӘСП КЕШЕНІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ 1994 ЖЫЛҒЫ 25-26 АҚПАНДА АҚМОЛА ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕҢЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАР АЙТҚАН ТҰЖЫРЫМДАР МЕН ҰСЫНЫСТАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 9 наурыз 1994 ж. N 251. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 301 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 301 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті 1994 жылғы 25-26 ақпанда Ақмола қаласында болған республикалық кеңеске қатысушылардың аграрлық кешендегі істің жайы мен жүйені реформалау барысын талқылай келіп, аграрлық секторда қалыптасқан қиындықтарға берілген баға мен оларды жою жолдарына тұтас алғанда келісетінін және республикада аграрлық секторды нарықтық қатынастар арнасына көшіруге, өнім өндірушілердің дербестігін кеңейтуге бағытталған үкіметтік бағдарламалардың қабылдануын қолдайтынын
а т а п ө т е д і .

Сонымен бірге аграрлық кешендегі экономикалық, жер және құрылымдық реформалар кешеуілдеуде. Аграрлық секторларда қаржы-кредит жүйесін тұрақтандыруға мүмкіндік бермейтін сыртқы және ішкі келеңсіз факторлар одан
ә р і ж а л ғ а с у д а .

Жер және мал шаруашылық өнімдерінің барлық түрлерін өндіру мен ұқсату деңгейінің құлдырауына жол берілді, шикізаттың жетіспеуінен ұқсатушы қуаттар тек 50-60 процент қана пайдаланылды. Айналымдағы қаржы түгесіліп, айтарлықтай кредиторлық, дебиторлық қарыз пайда болды, еңбекақы ұзақ уақыт бойы берілмеді. Әрбір екінші шаруашылық залалмен жұмыс істеді, мұның өзі шаруашылық, әлеуметтік қайшылықты күрт шиеленістірді.

Жергілікті жерлерде өнім өндірушілерді материалдық ресурстармен қамтамасыз етуде жаңа қадамдардың болмауы, агроөнеркәсіп кешенін реформалаудың созылуы көптеген шаруашылықтардың көктемгі дала жұмыстарына дайындала алмауына, үстіміздегі жылғы егін орағы үшін күзгі-қысқа шаралар кешенінің толық құлдырауына әкеліп соқты. Мал қыстату қиындап кетті. Қорларды жаңарту және ауыл шаруашылық өнімдерін ұдайы өндіруді кеңейту қамтамасыз етілмеуде.

Көп жағдайда мұның бәріне негізінен экономиканы реформалау жөніндегі заңдардың ұсыныстары мен талаптарын елемейтін еңбек өндірісі және егістіктер мен фермалардың өнімділігін төмендететін, ұйымдық-өндірістік қызметте озық әдістер мен технологияларды пайдаланбайтын шаруашылықтар тартылған. Бұл кезде осымен тең жағдайда колхоздардың үштен екіден астамы және қайта өзгерген совхоздардың көпшілігі өткен жылды табыспен аяқтады. Осы шаруашылықтардың көпшілігі өздерінің қаржы жағдайының тұрақтылығын қ а м т а м а с ы з е т т і .

Ауыл шаруашылығында реформаны алға жылжытуды көптеген жергілікті әкімдердің, кәсіпорындар басшылары мен мамандарының салғырттығы, олардың қолданылып жүрген заңдардың, әдістемелер мен ұсыныстардың мақсатын жете б і л м е у і д е т е ж е у д е .

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Барлық әкімдер, министрліктер мен ведомстволар агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің республикалық кеңесіне қатысушылардың ауыл шаруашылық өндірісінің құлдырауын тоқтату мен тұрақтандыру, агроөнеркәсіптік кешенінің экономикалық-қаржылық жағдайын нығайту, нарықтық қатынастарға ену бағытындағы оның реформасын алға жылжытуды жеделдету және халықты әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету жөнінде айтқан тұжырымдары мен ұ с ы н ы с т а р ы н б а с ш ы л ы қ қ а а л с ы н .

2. Агроөнеркәсіп кешенінің құрамына кіретін министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, мемлекеттік акционерлік компаниялар басшыларының, жергілікті әкімдердің бірінші кезектегі міндеті - саланың тұрақты және тиімді жұмысын қамтамасыз ету, өндірістің экономикасы мен қаржылық жағдайын, тәртіпті нығайтуға кадрлардың жауапкершілігін арттыру, жер және мал шаруашылығы өнімдерін өсіру мен оны ұқсатудың ғылыми-техникалық жетістіктерін озық отандық және шет елдік технологияларды енгізу жөнінде барынша икемді аймақтық саясатты жүзеге а с ы р у б о л ы п с а н а л с ы н .

3. Жергілікті әкімдер, совхоздардың басшылары Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясы тарапынан тікелей көмек көрсетілуі барысында көктемгі-дала жұмыстары басталғанға дейін әрбір өндірістік бөлімше, шаруашылық, аудан, облыс бойынша ауыл шаруашылық өндірісін дамытудың 1994-1995 және 2000 жылға арналған нақты бағдарламасын әзірлейтін, ал колхоздар мен шаруашылық жүргізудің басқа да нысандарындағы кәсіпорындарға оларды әзірлеу ұсынылатын болсын.

Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның жергілікті жерлердегі органдары жерлерді шаруашылық арасында қайта бөлу, оларды ұжымдық бау, бақша

учаскелері, жеке тұрғын үй құрылысы үшін шаруа қожалықтары мен олардың ассоциацияларын, ауыл шаруашылық шағын және кооперативтік кәсіпорындарын құру үшін бөлу жөнінде облыстар мен аудандардың әкімдеріне жедел практикалық көмек көрсетсін.

4. Жергілікті әкімдер 1994 жылғы 1 сәуірге дейін барлық мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарында басшылар мен мамандарды жалдаудың контракттық жүйесін енгізсін. Олардың жұмысын бағалаудың белгісі - Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасына және Қазақстан Республикасы Президентінің "Агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік ауыл шаруашылық, дайындаушы, ұқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру жөніндегі қосымша шаралар туралы" (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 8, 88-бап) 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1137 Жарлығына сәйкес мүліктерді міндетті түрде дербестендіру арқылы құрылымдық бөлімшелерді реформалауды жүзеге асыру, сондай-ақ ауыл шаруашылық өндірісін тұрақтандыруды қамтамасыз ету, реформаланған шаруашылықтың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін жақсарту деп белгіленсін.

5. Мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарында республикада бұрын қолданылған нормативтік актілер бойынша әкімшілік-басқару қызметкерлерінің штаттық кестесін қалыптастыруға жол берілмейді деп саналсын. Оларды әзірлеу мен бекіту құқығы контракттық негізде жұмыс істейтін шаруашылықтар басшыларына беріледі. Бұл орайда олар өздері басқаратын шаруашылықтың әкімшілік-басқару аппаратының адам құрамы санының негізгі белгісі табыс болып табылады.

6. Жергілікті әкімдер, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Өнеркәсіп министрлігі, Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясы және агроөнеркәсіп кешенінің құрамына кіретін мемлекеттік акционерлік компаниялары, совхоздардың басшылары:

жаңа техникаларды, технологияларды енгізу, әкімшілік-басқару аппаратын, материалдық-техникалық ресурстармен жабдықтаудағы және ауыл шаруашылық өнімдерін сатудағы аралық буындарды қысқару негізінде материалдық, қаржылық қаражаттарды үнемдеу жөніндегі жұмыстарды өрістеуді;

таяу уақытта мемлекет мұқтажы үшін ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу жөнінде өнім өндірушілермен фьючерлік негізде контрактация шарттарын жас а у д ы а я қ т а у д ы ;

көктемгі егіске әзірлікке және оны ұйымшылдықпен өткізуге қажетті барлық қысқы зоотехникалық шараларды, дер кезінде тұқым дайындауды, техника жөндеуді, пайдаланылған бөлшектерді қалпына келтіруді, жаңа қосалқы

бөлшектер әзірлеуді және жанар-жағармай тасуды атқаруды қамтамасыз етсін, ал колхоздар мен басқа да агроөнеркәсіптік кәсіпорындар мен шаруашылықтарға осыларды атқару ұсынылатын болсын.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақ агроөнеркәсіптік акционерлік коммерциялық банкімен және облыстардың әкімдерімен бірлесе отырып 1993 жылғы өндірістік-қаржы қызметінің қорытындысы бойынша кредиторлық қарызы негізгі қорлары мен айналымдағы қаржысынан асатын совхоздардың одан ары жұмыс істеу мәселесін қарап, ш е ш е т і н б о л с ы н .

8. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне агроөнеркәсіптік кешеннің ауыл шаруашылық, басқа да кәсіпорындары өндірісінің негізгі қорларын қайта бағалау және айналымдағы қаржысын индекстеу мен толтыру тәртібі туралы ұсыныс енгізетін болсын.
Қазақстан Республикасының Премьер-министрі